

**"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі № 378 Жарлығына
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 383 Жарлығы

Қазақстан Республикасы

Президенті мен Үкіметі актілерінің

жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі № 378 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 20, 218-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы туралы ережеде:

16-тармақтың 1) тармақшасының сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының балансындағы және қарамағындағы объектілерді, оның ішінде қонақтарға арналған резиденцияларды пайдалануды, сондай-ақ оған бекітілген орынжайларды, жабдықты, өзге де мүлікті және іргелес аумақты тиісті күйінде күтіп ұстауды ұйымдастырады;"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев